**М .Арын атындағы Қарғалы қазақ орта мектебі бойынша «Адал Ұрпақ» ерікті мектеп клубының атқарылған жұмыстарының есебі**

2022-2023 оқу жылында М .Арын атындағы Қарғалы қазақ орта мектебі бойынша «Адал Ұрпақ» ерікті мектепішілік клубы жұмыс атқарылды. Мақсаты: Қоғамда адал ұрпақ қалыптастыру бағытында білім мекемелерінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы тәрбиелеу жұмыстарын жүйелі жүргізу. «Адал Ұрпақ» атты топ құрылып, жоспар бекітілді. Құрылған топпен жоспар бойынша жұмыстар жүргізілді.

2022 жылы «Адал Ұрпақ» еріктілер клубына жаңа мүшелерді салтанатты түрде қабылдау рәсімі ұйымдастырылып, өткізілді. «Адал Ұрпақ» тобының негізгі міндеттері мектепте сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, сыбайлас жемқорлыққа қарсы көзқарасты нығайту бойынша бастамаларды көтермелеу, сыбайлас жемқорлыққа қарсы сипаттағы іс-шараларды ұйымдастыру болып табылады. Осындай мақсат, міндеттерді негізге ала отырып, мектебімізде 5- 11 сынып оқушылары арасында «Адал Ұрпақ» ерікті топ 15 оқушыдан құрылып, жетекшісі тағайындалып, іс-шаралар жоспарланып ұйымдастырылды.

5-9 кластар арасында қазан айында «Біз жемқорлыққа қарсымыз» шығарма байқауы ұйымдастырылды. Оқушылардың құқықтық санасын қалыптастырып, дамытуда сыныптан тыс құқықтық тәрбие берудің маңызы ерекше. Мектеп бойынша құқықтық тәрбие беруде жүргізілетін шаралар оқушылардың ҚР заңдары туралы білімдерін кеңейтуге және тереңдетуге, олардың құқықтық санасын қалыптастыруға, өз міндеттерін дұрыс қарауына, заңдарды сақтауға бағытталған.

«Адамдық – ардың ісі» 1-4 сыныптар арасында мектеп тәлімгері мен класс жетекшілер адалдық сағаты өткізілді. Арыстанова Э, Саин А 7-11 кластар арасында «Адалдықты мұра еткен Ұлы Абай» адалдық сағатын ұйымдастырды. Сонымен қатар Төрекешова В, Абишева Г, Сауанаева А клуб жетекшісі Байбатыров М ақпан айында «Бүгінгі күннің талабы» дөңгелек үстел ұйымдастырып, бейнероликтер көрсетті. Бейнематериалда жемқорлыққа жол бермеу және қандай заңдар қаралғаны туралы көрсетілді. Бастауыш сынып мұғалімі Хамадинова А, Меңдібаева Б, Жұмағалиева А «Қазақстан құқықтық мемлекет» тақырыбында іс-шаралар ұйымдастырды. Мақсаты: оқушыларды рухани адамгершілік және азаматтық патриоттық тәрбиелеу болып табылады.

Мәдени – көпшілік іс-шаралар негізінде «Адал және сатылмайтын еңбек бейнесі» атты 3-4 класс оқушылары арасында сурет байқауы ұйымдастырылды. Шараның мақсаты оқушыларды сыбайлас жемқорлыққа қарсы тәрбиелеудің негізгі міндеті – құқықтық сананы қалыптастыру болды.

Төрекешова В, Жұмабаева Г және мектеп психологы Жасқали Н ұйымдастыруымен 7-11 сыныптар арасында «Сананы, намысын, адамгершілікті, жауапкершілікті насихаттауға бағытталған театрлық қойылым қойды. Жыл соңында «Адал Ұрпақ» ерікті мектепішілік клубы жұмысы қорытындыланды.